

САБАҚ 8 Иса – Құтқарушы

Сіз Исаның сауықтыратынын және Киелі Рухпен шомылдыратынын оқып білдіңіз. Бұл – тамаша ақиқаттар. Дегенмен Оның біз үшін атқарған тағы бір жұмысы бар, бұл – барлық жұмысының ішіндегі ең маңыздысы: Иса құтқарады! Иса біз үшін өлді де, өлімді, күнәні және тозақты мәңгілікке жеңіп шығып қайта тірілді. Иса деген кім? Ол – әлемнің жалғыз Құтқарушысы.

Киелі Кітап Исаның адасқандарды тауып, құтқару үшін келгені туралы айтады. Осы қарапайым пайымдау мәсіхшілік діннің мәнісі болып табылады. Өзге діндер жоғары өмірлік идеалдарды ұсынуға тырысады. Олар адамдарға неліктен азап шегетінін, олардың қалай өмір сүру керектігін, егер осыны істей алмаса, олардың қалай жазаға тартылатынын айтады. Алайда оларда ең маңызды бөлік жоқ: олар өздерінің ізбасарларына зұлымдықты жеңуге нақты күш бермейді.

Керісінше мәсіхшілік адамның өзін-өзі құтқарып алу қабілетсіздігіне Құдайдың шешімін ұсынады. Әр еркек пен әр әйелге Иса былай дейді: «Сен өзіңнің өміріңе арналған Құдай жоспарын орындамадың, бірақ сен мұны іске асыра аласың. Сен күнәнің кінәсімен былғандың, бірақ сен тазара аласың». Осы сабақтың тақырыбы Құдайдың бізді Иса арқылы қалай құтқаратыны жайында болып табылады.

Осы сабақта келесі тақырыптарды оқып білесіз

А. Иса – әлемнің Құтқарушысы

Ә. Иса – Құдайдың Тоқтысы

Осы сабақтың мақсаты

1. «Иса» есімінің бізге Құдай туралы не айтатынын баяндап талқылау.
2. Әр адамның неліктен құтқарылуға мұқтаж екендігін түсіну.
3. «Құдайдың Тоқтысы» атағының бізге Исаның міндетін түсінуге қалайша көмектесетінін айтып беру.

А. ИСА – ӘЛЕМНІҢ ҚҰТҚАРУШЫСЫ

Мақсат 1. «Иса» атының бізге Құдай туралы не айтатынын баяндап талқылау.

Киелі Кітаптың Ізгі хабары Исаның бүкіл адамзаттың Құтқарушысы болу үшін келгендігінде. Иса туылғанда періште малшыларға былай деді:

Лұқ 2:10-11. «Ал періште оларға тіл қатып:
«Қорықпаңдар! Мен сендерге үлкен қуаныш жариялаймын, ол қуаныш барлық халыққа да ортақ: бүгін Дәуіттің қаласында сендердің Құтқарушыларың дүниеге келді, Ол – Иеміз Мәсіх!»

Уәденің орындалуы

Иса есімі «Яһуә құтқарады» немесе «Құтқарушы» дегенді білдіреді. Құдай Әке осы атты Өзінің Ұлы үшін тандап алған. Ол Жүсіпке Мәриям дүниеге келетін Баланы қалай атау керектігін айту үшін періштені жіберді. Исаның есімі оларға үнемі Исаның кім болғанын және Оның не үшін туылғанын еске салып отырар еді. Ол бізді күнәдан құтқару үшін жерге түскен Құдайдың Ұлы болды. Періште былай дейді:

Мат 1:21. «Мәриям Ұл таппақ, Оның атын Иса деп қой! Себебі Ол халқын күнәларынан құтқаратын болады», – деді».

Исаның атын айтқан немесе естіген кезде, сол есімде сіз үшін қуанышты хабар бар екенін естен шығармаңыз: Яһуә, мәңгілік, мәңгі бар болушы. Құдай бұл әлемге сізді құтқару үшін келді. Құдай сізді құтқарады. Біз осы уәденің негізінде Исаның атымен Әкеге мінәжат етеміз. Исаның атын мінәжат еткенде және табынғанда сыбырлап қайталап отырыңыз. Иса Құтқарушы туралы мадақтау жырын жырлаңыз, басқаларға Ол туралы айтыңыз. Ол – Әкеміз бізді құтқаруға жіберген жалғыз Құтқарушы. Петір мен Жохан мүгедек адамды Иса есімінің күшімен сауықтырған. Петір бұған былай деп түсінік береді:

Елш 3:16; 4:12. «Ал енді, өздерің танып, көріп жүрген мына кісіге Исаның құдіреті күш-қуат беріп сауықтырды. Өйткені Оның есіміне сендік. Иә, Иса берген сенім сендердің көз алдарыңда оның денсаулығын түгелімен қалпына келтірді.... Аспан астында бізді құтқаратын басқа ешкімнің есімі адамдарға бұйырылмаған!»

Тапсырма

- 1** Иса есімі бізге Құдайдың – ... екенін айтады
 - а)** Жаратушы
 - ә)** Соттаушы
 - б)** Құтқарушы

- 2** Исаның есімін ... таңдап қойған.
 - а)** Жәбірейіл
 - ә)** Құдай Әке
 - б)** Жүсіп

- 3** Матай жазған Ізгі хабар 1:21 аятты жаттап алыңыз.

- 4 Кейбір адамдар Исаның атын қарғыс немесе лағынет сөз ретінде пайдаланады. Егер сіз де солай еткен болсаңыз, Құдайдан өзіңізді кешіруін өтініңіз. Оған Иса үшін және Оның есімі үшін алғыс айтыңыз.



Құтқару табиғаты

Мақсат 2. Әр адамның неліктен құтқарылуға мұқтаж екенін түсіну.

Киелі Кітапта қолданылған *құтқару* сөзі – ұлы да ауқымды ұғым. Құтқару деген қауіптен құтқару, тұтқыннан немесе соттан босату, қауіпсіздікте сақтау және сауықтыру дегенді білдіреді. Иса, біздің Құтқарушымыз, шайтанның билігінен құтқарады, бізді күнәнің тұтқынынан босатады, сотта біздің орнымызға тұрып, біздің кінәмізді Өзіне алады, бізді қауіпсіз жерге әкеліп, жанымыз бен тәнімізге денсаулық береді.

Иса бізді құдайсыз өмірдегі абыржудан және қауіп-қатерлерден құтқаруға келді. Күнә біздің бәрімізді Құдайдан бөліп тастады. Біз өз жолымыздан адасып кеттік. Біз мақсатсыз өмір түнегінің шеңберімен айналып жүрміз. Құдайсыз бізді мәңгілік өлім баурап алады. Бірақ Иса бізді құтқару, бізді Құдайға қайтару үшін келді. Ол бізді әділ жолға салып, Өзінің нұрын береді және біздің өмірімізге мақсат пен мән дарытады. Иса біздің қорқыныштарымызды бәсеңсітіп, бізге қуаныш пен тыныштық береді, бізді төніп тұрған қауіптен алып кетіп, бізді өзіміздің мәңгілік үйімізге апарады. Иса былай деді:

Лұқ 19:10. «Өйткені Мен тура жолдан адасып кеткендерді іздеп, құтқаруға келдім».

Иса бізді кінәдан және күнәларымыздың жазасынан құтқаруға келді. Біздің бәріміз де Құдайдың заңдарын бұздық және Одан мәңгілік бөліну жазасын тартуымыз керек болатын. Бірақ Иса біздің күнәларымыз үшін барлық кінәні Өзіне алып,

бізге кешірім алып беру үшін біздің орнымызға ерікті түрде Өз жанын қиды.

Рим 6:23. «Күнәнің беретіні — (мәңгілік) өлім, ал Құдайдың беретін сыйы — Иеміз Иса Мәсіхпен тығыз байланыстағы мәңгілік өмір».

Иса бізді күнә мен шайтанның билігінен құтқару үшін келді. Ол бізді өзіміздің күнәлі, қиқар және өзімшіл болмысымыздан босатып, бізге Құдайдың балаларының жаңа жаратылысын береді. Ол азғырулардың күшін жойып, біздің денсаулығымызды құртып, жанымызға зиянын келтіретін ниеттеріміз мен әдеттерімізден арылтады. Исада біз шайтанның шабуылдарынан қауіпсіздік табамыз. Біз әлі де болса шайқасудамыз, бірақ Иса бізге жеңіс береді.

Рим 6:20, 22. «Күнәнің құлы болып жүргенде сендер әділдіктің билігінде болмадыңдар...Енді сендер күнәнің үстемдігінен босатылып, Құдайдың қызметіне кірдіңдер. Бұның өнімі — Құдайға бағышталған қасиетті өмір. Ал түпкі нәтижесі — мәңгілік өмір».

Қор2 5:17. «Сонымен, біреу Мәсіхпен тығыз байланыста болса, сол — жаңадан жаратылған адам. Ескі өмірі өтіп кетіп, міне, жаңасы пайда болды!»

Иса бізді күнәнің зардаптарынан және тіпті оның бар болуынан құтқаруға келді. Ол денеміз бен жанымыз үшін бізге денсаулық береді. Сондай-ақ күндердің бір күнінде Ол бізге ауруларға шалдықпайтын жаңа дене береді. Ол қазір көкте Өзі күнәдан құтқарып алғандардың барлығына арнап үй дайындап жатыр. Біз өлгенде немесе Иса біздің артымыздан жерге қайтып келгенде, Ол Өзінің билігін орнатып, жер бетін бүкіл күнәдан тазартады. Тіпті табиғаттың өзі де қаталдық пен бұзылудан босатылатын болады. Бәрі де мінсіз болады. Қандай керемет құтқару десеңізші!

Аян 21:3-4. «Қараңдар, Құдайдың адамдар арасындағы тұрағы! Ол солармен бірге тұрып, олар Оның халқы болмақ. Осылай Құдайдың Өзі солармен бірге мекендеп, олардың Құдайы болады! Ол барлық көз жастарын сүртіп тастап жұбатады. Енді қайтып өлім, жоқтау, зар еңіреу мен ауру болмайды. Себебі бұрынғы әлем құрып, жоқ болды».

Ө. Иса – Құдайдың Тоқтысы

Мақсат 3. «Құдайдың Тоқтысы» атағының бізге Исаның міндетін түсінуге қалайша көмектесетінін айтып беру.

Құдайдың Тоқтысы деген атағы Исаның әлемді Құтқарушы ретіндегі ерекше міндетіне қатысты болып келеді.

Тоқтыны құрбандық ету

Иса Өзінің халық алдындағы қызметін бастар алдында, Шомылдырушы Жақия Оны тобырға таныстырып былай деді: Жох 1:29. «Қараңдар, Мынау — Құдайдың құрбандыққа жіберген «Тоқтысы»! Ол адамзаттың күнәсін өз мойнына артып, сол үшін жанын қияды».

Жақияны естігендер оның сөздерін тікелей түсінді. Тоқты күнә үшін құрбандық ретінде өлтірілетін. Күнәкарлар Құдайдан өз кінәларына кешірім сұрап, өздерінің өмірлерінің орнына Одан тоқтының өлімін қабылдауын сұрады. Иса барлық күнәкарлар үшін Құдайдың өлімге жіберген құрбандығы – әлемнің бүкіл күнәсін мойнына алған Құдайдың Тоқтысы болды.

Ишая пайғамбар Құдайдың Мәсіхті қалайша біздің барлық күнәларымыз үшін құрбан ететіні туралы жазды. Ол біздің барлық күнәларымыздың кінәсін Өз мойнына алды. Күнәларымыздан босату үшін біздің орнымызға Ол Өз жанын қиды. Кейінірек Ол қайта тіріліп, Өзінің құрбандығының қандай жемістер бергендігін көріп қанағаттанады.

Осының бәрі дәл Ишая пайғамбардың айтқанындай болып шықты.

Иш 53:3-12. «Оны адамдар менсінбей, жалғыз қалдырды. Ол ауыр азап көріп, көп қасірет шегіп, жұрт бетін бұрып әкететіндей жиренішті болды. Оны біз де бағалаған жоқпыз».

«Шынында Құдайдың Қызметшісі біздің қасіретімізді Өзіне алды, біздің ауруларымызды өз мойнымен көтерді. Оның ұрылып азап шегуін Құдай бұйырған жаза деп ойладық!»

«Алайда Құдайдың Қызметшісі біздің күнәларымыз үшін түйреліп, біздің әділетсіз істеріміз үшін құртылды. Оның тартқан жазасы бізге амандық пен тыныштық әкелді. Оның жараларының арқасында біз (рухани дертімізден) сауықтық».

«Барлығымыз адасқан қойлардай тентіреп, өз бетімізбен жүрдік. Ал Жаратқан Ие бәріміздің күнәларымызды Қызметшісінің мойнына артты».

«Ол зорлық көріп қиналды, алайда аузын ашпады. Оны тоқты сияқты сойылатын жерге алып барды. Ол қырқылып жатқанда үні шықпайтын қой секілді тіс жармады».

«Оны жәбірлеп, әділетсіз соттап, өлтіруге алып кетті. Оның замандастарынан кім мынаны ойлады: Ол халқымның күнәларына бола азапталып, бұ дүниеден аластатылды».

«Оның моласы қылмыскерлер қорымында белгіленгенмен, мәйіті бай адамның қабіріне қойылды. Өйткені Ол ешқандай күнә жасаған да емес, аузынан бірде-бір өтірік шыққан да емес».

«Алайда Жаратқан Иенің Қызметшісі Оның еркімен азап шегіп құртылды. Ол өз жанын айыпты өтейтін құрбандық еткен соң, өз үрім-бұтағын көріп, ғұмыры ұзақ болады. Қызметшісінің арқасында Жаратқан Иенің еркі жүзеге асады».

«Әділ Қызметшім «жан азабының нәтижесіне қарап қанағаттанатын болады. Оны көп адамдар танып мойындап ақталады. Ол солардың күнәларын өз мойнына алады».

«Оған сол себептен көптеген адамдарды табыс етемін. Ол билік иелерін де олжалайды. Себебі Қызметшім жанын өлімге қиып, қылмыскерлердің қатарында саналды. Ол бірақ көптеген адамдардың күнәларын өз мойнына алып, қылмыскерлердің кешірілуі үшін ара түсті».

Инжілдің төртеуі де Исаның біздің күнәларымыз үшін қалай өлгенін айтады. Дін басылар Оны Мәсіх ретінде қабылдағылары келмеді. Олар Оған күншілдік көрсетіп, Оны өлтіруге шешім қабылдады. Олар Оны билеушінің көзінше айыптап, Оған сотта жала жабу үшін куәгерлерді жалдап алды. Рим билеушісі Пилат Исаның кінәлі емес екенін білді, алайда дін басыларының және жиналған тобырдың талаптарына берілді.

Олар Оның өлімін талап етті және Пилат Оны айқыш ағашқа шегелеуге берді. Айқыш ағашқа шегелеу ең зұлым қылмыскерлерге арналған үкім болатын.

Кейбіреулер неліктен бізді құтқару үшін Исаның өлуі керек болды деп сұрайды? Ол өлуге тиіс болатын, өйткені Құдай бізге лайықты жазаны шетке ысырып қоя алмады. Осы мәселені не шеше алар еді? Тек қана Құдайдың Ұлы Исаның өлімі ғана. Құдайдың әділдігі күнәлар үшін құрбандықты талап етті және Құдайдың рақымдылығы осыны қамтамасыз етті де.

Иса Өз өмірін Өз еркімен қиды. Оған қарсы арамза адамдар жиналса да, олардың Оны өлімге қиятын билігі болған жоқ. Сол

адамдарды жазалауы үшін Ол Өзінің Әкесін шақыра алар еді. Бірақ Ол бұлай етпеді. Ол Өзінің міндетін ерікті түрде орындап шығуға шешім қабылдады.

Сол бір қаралы күні жаулары Оны «Мандайтөбе» деген жерге апарды. Олар Оның аяқтары мен қолдарын айқыш ағашқа шегелеп, барша жұрт көруі үшін Оны көтеріп қойды. Сол жерде, екі қылмыскердің ортасында ілініп тұрып, Құдайдың Тоқтысы Иса біздің күнәларымыз үшін құрбандық ретінде өлді.

Тапсырма

- 5** Әрбір ДҰРЫС тұжырымның алдындағы әріпті қоршаңыз.
- а)** Ишя пайғамбар адамдар Мәсіхтен жиіркеніп, одан бас тартатын болады деді.
 - ә)** Діни жетекшілер Пилатты Исаның кінәлі екендігіне нандырды.
 - б)** Жоханның Ізгі хабары Исаның біздің күнәларымыз үшін қалай өлгендігі туралы айтатын жалғыз Ізгі хабар.
 - в)** Зұлым адамдар Исаны айқыш ағашқа шегелегеніне карамастан, Құдай Исаны күнә үшін құрбандық етті.
- 6** Өзінің «Құдайдың Тоқтысы» міндетін орындау үшін, Иса...
- а)** күнәкарлар үшін құрбандық ретінде өлді.
 - ә)** Құдайдың заңдарын толығырақ түсіндіріп берді.
 - б)** тазалықтың мінсіз үлгісін көрсетіп берді.



Адамдардың Тоқтыға көзқарастары

Исаның айқыш ағашқа шегеленуін көрген адамдар бізге бүкіл әлемнің бейнесін көрсетеді. Кейбіреулер Оған өшпенділікпен қарап, Оны және Оның мәлімдемелерін күлкіге айналдырды. Кейбіреулер Ол өлейін деп жатқанда, Оның киім-кешегін бөліп алуға жеребе лақтырып, Оған немкетті қарады. Кейбіреулер көңілі жабырқап тұрды. Бірақ та кейбіреулер Исаға сеніммен, үмітпен және сүйіспеншілікпен қарап тұрды.

Сол төбеде үш айқыш ағаш тұрды. Сол күні үш адам өлді. Оларға қарап, біз өзіміздің көзқарасымыздың кілтін таба аламыз.

«Олар «Мандайтөбе» деген жерге жеткен соң, Исаны айқыш ағашқа керіп шегелеп іліп көтеріп қойды. Сондай-ақ сол екі қылмыскерді де, біреуін Исаның оң, екіншісін Оның сол жағына айқыш ағаштарға керіп шегелеп іліп көтеріп қойды. Сонда Иса (көктегі Әкесіне сиынып): «Әке, оларды кешіре гөр! Олар не істеп жатқандарын түсінбейді», — деді. Ал жасақшылар Исаның киімдерін жеребе тастап өзара бөлісіп алды».

Лұқ 23:33-34, 39-43. «Айқышқа ілінген екі қылмыскердің біреуі Исаға тіл тигізіп: — Мәсіх болсаң, кәне, Өзінді де, бізді де құтқар! — деп мысқылдады. Екіншісі, керісінше, оны тоқтатып: — Құдайдан қорықпайсың ба? Өзің де осыған кесілдің ғой. Біздің үкіміміз әділ, істерімізге лайық жаза тартып тұрмыз. Ал Бұл еш жамандық істеген жоқ, — деді. Содан кейін: — Иса, Патшалығыңызға кіргенде мені есіңізге ала көріңіз, — деп өтінді. Иса оған: — Саған шындығын айтамын: бүгін-ақ Менімен бірге жұмақта боласың! — деді».

Үш айқыш ағаш бізге 1) мойынсұнбау, 2) өтелу және 3) тәубе ету жөнінде айтады. Біреуіндегі адам күнәсін арқалап (мойынсұнбай) өлді. Екіншісінде Құдай «Тоқтысы» күнә (өтелу) үшін жанын қиды. Үшіншісінде күнәкар күнәға жоқ болу үшін (тәубе ету) өлді.

Мойынсұнбау. Мойынсұнбаушылық айқышында өз күнәларын арқалап өліп бара жатқан адам асылып тұрды. Ол өз өмірін зұлым істер істеп ысырап етті. Өмір оны өкініш пен қырсықтыққа толтырды. Қазір ол өліммен – түпкілікті жеңіліспен кездесті. Егер ол тек сене қалса, көмек оның дәл жанында болатын. Ол Құдайдың жанында болды. Алайда оның жүрегінің жүгенсіздігі оны соқыр етіп, ол рухани шындықты көре алмады. Құтқарушының дәл жанында тұрып, ол рухының

ашы запыранымен, яғни өшпенділікке, наразылыққа және үмітсіздікке толы болып дүниеден өтті.

Өтелу. Ақталу айқышында Иса біздің күнәларымыз үшін өлді. Құдайға қарсы бас көтергенімізге орай, Оның әділ үкімімен біз өлім жазасына тартылған болатынбыз. Онымен қоймай, біз Құдайдың жауы шайтанның құлына айналдық. Исаның өлімі бәрін де өзгертті. Ол өлген кезде, Ол біздің күнәміздің құнын төлеп, шайтанды толығымен жеңіп шықты. Құдай Исаны біздің орнымызға жазалады, сондықтан да шайтан бізді жіберуге мәжбүр болды.

Пет1 1:18-19. «Ата-бабаларыңнан жеткен пайдасыз өмір салтынан азат болуларың үшін не төленгенін білесіңдер: күміс, алтын сияқты өткінші заттар емес, Құдайдың мінсіз де мүлтіксіз «Тоқтысы» — Мәсіхтің Өзі құрбан болып, баға жетпес қанын төгуімен құтқарылуларыңның құнын төледі».

Тәубе ету. Үшінші айқыш ағашта күнәкар өз күнәларына жоқ болып өлді, Исаға сеніп, олардан мәңгілікке босатылды. Бұл адам өзін және ақиқатты көруге дайын еді, ол өзінің дұрыс істемегендері үшін тәубе етті. Ол Исаны өзінің Құтқарушысы, Мәсіх деп таныды. Иса өлейін деп жатты, бірақ кешірім сұраған ұры бір кездері Оның әлемді билейтіндігіне сенді. Әрі ол Құтқарушыдан Патша ретінде келгенінде оны есіне түсіруін (және рақымын төгуін) өтінді. Қандай сенім десеңізші! Өлерінің алдында Исаның жасаған соңғы істерінің бірі өліп бара жатқан ұрының күнәларын кешіріп, оған мәңгілік өмір беруі болды.

Әр адам Құтқарушыға деген көзқарасы арқылы өзінің мәңгілік тағдырына қатысты шешім қабылдайды. Екі ұрының да бірдей мүмкіндіктері болған еді. Біреуі өзін құтқара алатын Жалғыз тұлғаны келемеж етіп, өзінің мойынсұнбаушылығы мен өшпенділігіне жармаса берді. Екіншісі тәубе етіп, рақымшылық етуді өтінді. Біреуі тозаққа – мәңгілік азап шегу орнына аттанды. Екіншісі көкке (жұмаққа) – мәңгілік бақыт орнына


аттанып кетті. Осы адамдар біздің бәріміздің де бейнеміз болып табылады. Біреуі бағынбаушылығының арқасында жоғалып кетті. Екіншісі тәубе етуі арқылы өзінің Исаға деген мұқтаждығын мойындаудың арқасында құтқарылуға ие болды. Осылардың қайсысының үлгісін басшылыққа алар едіңіз? Мінәжат ету арқылы Исаға жалбарынып, сіз мәңгілік өмір, кешірім, тыныштық пен көмек ала аласыз. Қазір Ол Сіздің жаныңызда.

Еф 1:6-7. «Өзінің сүйікті рухани Ұлы арқылы бізге сыйлаған керемет рақымы үшін Құдай мадақтала берсін! Мәсіхтің құрбан болып, қаны төгілуімен төлеміміз өтеліп, біздер жамандықтың құлдығынан азат етіліп, күнәларымыз кешірілді. Осылайша Құдай Өзінің шексіз зор рақымын...».

Пет1 2:24-25. «Біз күнәнің құлдығынан босатылып, әділ өмір сүре алуымыз үшін Мәсіх айқыш ағашта күнәларымыздың айыбын өз денесінде көтеріп тұрды. Осылай Оның жаралары арқылы (рухани дертімізден) сауықтық. Өз бетімен жүріп, адасып кеткен қой сияқты едіңдер, ал қазір өздеріңді бағып жетелеп, жандарыңды қорғап жүретін «Бағушыларыңа» қайта оралдыңдар».

Тапсырма

- 7** Әлдекім: «Маған өлген кезімде көкке баратыныма сенімді болуым үшін менің шомылдырылуға тиіс екенімді немесе діни қызметкерден кешірім алу керек екенімді үйреткен», – деді делік. Сіз осыған келісесіз бе? Неліктен «Иә!» – дедіңіз немесе неліктен «Жоқ!» – деп айттыңыз.
- 8** Төменде көрсетілген әр айқыштың үстіне аттарын жазыңыз. Сіздің ұстанымыңызды көрсететін айқыштың астына өз атыңызды қосып жазыңыз. Осы суретті досыңызға немесе отбасы мүшесіне түсіндіріп беріңіз.



Бірінші айқыш.....

Екінші айқыш.....

Үшінші айқыш.....



Өз жауабыңызды тексеріңіз

- 5** а) Дұрыс.
ә) Дұрыс емес.
б) Дұрыс емес.
в) Дұрыс.
- 1** б) Құтқарушы.
- 6** а) күнәкарлар үшін құрбандық ретінде өлді.
- 2** ә) Құдай Өке.
- 7** Сіздің жауабыңыз. Сіз кешірім сұрап, Исаға сенген айқыштағы ұры туралы білдіңіз. Оның шомылдыруды қабылдауға немесе діни адаммен сөйлесуге уақыты болмады. Бірақ Иса оған оның «бүгін-ақ» жұмақта болатынын айтты.
- 8** Оргасындағы айқыш «Өтелу» деп аталуға тиіс. Қалған екеуі (кез келген ретпен) «Мойынсұнбау» және «Тәубе ету» деп аталады.